2026–2027 оқу жылындағы жалпы ата-аналар жиналысының №1 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Отбасы – тәрбие бастауы»

Өткізілген күні: «18» қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: «Қызғалдақ» тобы
Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар.
Қатысқан ата-аналар саны: 35
Төраға: Р.Курмашева, ата-ана
Хатшы: А.Нұрлыбай
КҮН ТӘРТІБІ:
1. Жаңадан келген ата-аналарды балабақша қызметкерлерімен және 2026–2027 оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. 2026–2027 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
1. Бірінші мәселе бойынша тыңдалды


Балабақша меңгерушісі А.Айсина жиналысты ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбына тоқталып, баланың тұлға болып қалыптасуында отбасының тәрбиесі мен ата-ананың жеке үлгісі ерекше орын алатынын атап өтті. Балабақша мен отбасы арасындағы тұрақты байланыс баланың ортаға бейімделуіне, өзін сенімді сезінуіне және жан-жақты дамуына ықпал ететінін түсіндірді.
Жаңадан келген ата-аналар балабақша қызметкерлерімен, олардың атқаратын міндеттерімен таныстырылды. Балабақшаның күн тәртібі, балаларды қабылдау және үйге қайтару тәртібі, ата-аналармен байланыс жасау жолдары туралы ақпарат берілді.
Әдіскер И.Кожмагамбетова 2026–2027 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру жұмысының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дене дамуына, сөйлеуіне, танымдық қызығушылығына, шығармашылық қабілеттеріне және әлеуметтік дағдыларына жағдай жасау көзделетіні айтылды.
Балаларды дербестікке, ұқыптылыққа, әдептілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, табиғатты аялау мен қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бағыттарына тоқталды. Осы міндеттерді жүзеге асыруда ата-аналардың педагогтермен бірлесе әрекет етуінің маңызы түсіндірілді.
Тәрбиеші Ж.Ордабаева балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес берді. Үйде күн тәртібін сақтауды, баланың өздігінен киінуі мен жеке заттарын жинауына мүмкіндік беруді, онымен күнделікті әңгімелесіп, бірге кітап қарауды ұсынды. Баланың көңіл күйі мен мінез-құлқындағы өзгерістер туралы тәрбиешіге дер кезінде хабарлау қажеттігін айтты.
Сөз сөйлегендер:
Ата-ана Т.Салыкова отбасында қалыптасқан дағдыларды балабақшадағы тәрбие талаптарымен үйлестіру туралы пікір білдірді.
Ата-ана Т.Салыкова балабақша мен отбасының бірлескен іс-шараларына қатысуға қатысты ұсынысын жеткізді.
2. Екінші мәселе бойынша тыңдалды
Жиналыс төрағасы Р.Курмашева 2026–2027 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау мәселесін ұсынды. Комитеттің негізгі жұмысы ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайтуға, ата-аналардың ұсыныстарын жеткізуге және бірлескен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсетуге бағытталатынын түсіндірді.
Ата-аналар тарапынан комитет құрамына төмендегі кандидаттар ұсынылды:
1.М.Айназарова
2.Ж.Нұрбеккызы
3.А.Отаралина
4.С.Булатова
5.Т.Махатов
Ұсынылған кандидаттар талқыланып, ашық дауыс беруге қойылды.

Дауыс беру нәтижесі:
Қолдағандар 35 адам.
Қарсы болғандар 0 адам.
Дауыс беру қорытындысы бойынша ата-аналар комитетінің құрамы анықталды:
Комитет төрағасы: Р.Курмашева
Комитет мүшелері:
ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1. Балабақша қызметкерлері және 2026–2027 оқу жылының мақсат-міндеттері туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты отбасы мен балабақшаның өзара байланысы тұрақты жүргізілсін.
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар.
Мерзімі: оқу жылы бойы.
3. Балалардың балабақшаға бейімделуі, күн тәртібін сақтауы және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту бойынша ата-аналарға жеке кеңес беру ұйымдастырылсын.
Жауаптылар: топ тәрбиешілері.
Мерзімі: қыркүйек айы және қажеттілігіне қарай.
4. Дауыс беру нәтижесіне сәйкес 2026–2027 оқу жылына ата-аналар комитетінің жоғарыда көрсетілген құрамы сайлансын.
5. Ата-аналар комитеті тәрбиешілермен бірлесіп, жылдық жоспардағы іс-шараларға ата-аналардың қатысуын ұйлестірсін.
Жауаптылар: ата-аналар комитетінің төрағасы, тәрбиешілер.
Мерзімі: оқу жылы бойы
Жиналыс төрағасы: Р.Курмашева
Хатшысы: А.Нұрлыбай



















InCollage